

**А. Иманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша
жаппай оқыту айлығының қорытынды анықтамасы
2019-2020 оқу жылы (қыркүйек)**

Мөлтек аудандарды аралау барысында Баскөл селолық округі бойынша барлық елді мекендер мен аулалары қамтылып, 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді есепке алу мақсатында аулалық тексерістер өткізіліп, мектеп ұжымының ұстаздары бекітілген көшелер бойынша үйлерді аралау жұмыстарын жүргізді. Оқумен қамтылмаған немесе түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз үйінен тыс жерлерде жүрген балаларды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Акция барысында рейд аптасына 1 рет өткізілді, барлығы 12 рейд. Рейд барысында ата-ананың қарауынсыз қалған балалар анықталмады. Айлық аясында 0 жастан 18 жасқа дейін 222 бала тізімге алынып, Баскөл селолық округінің әкімінің м.а Е.Арғынтаевпен бекітілді. Оның ішінде ата-аналарың қасында 14 бала, шағын орталықта 43 бала, 16 бала мектепалды даярлық сыныбында, мектепте 113 оқушы, оның 2 оқушысы (Куанышев Али, Сулейменова Мадина) үйде оқытылады, облыс мектептерінде 4 оқушы оқиды, 29 студент және 1 бала денсаулығына байланысты (Плаксин Богдан) оқуға жарамсыз.

Сонымен қатар ауыл әкімшілігінің комиссия отырысы шешімінің қаулысымен бекітілген 2019 жылдың III тоқсанда әлеуметтік жағдайларына байланысты 19 бала күн көрісі төмен отбасы анықталды. 23 бала көп балалы отбасынан, 12 бала толық емес отбасынан шыққан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «13» сәуірдегі №198 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсынуды» ұйымдастыруда, мектептен 12 км қашықтықта тұратын Жаңатілек, 11 км қашықтықтағы Бозша, 27 км қашықтықтағы Талды және, 3 км қашықтықтағы Қошай бөлімшелерінен барлығы 25 баланы ГАЗель және КАВЗ автокөліктері әкімшілік тарапынан тасымалдайды. №198 Қаулысына сәйкес 22 орынды балаларды тасымалдайтын жаңа автобус берілді.

Ыстық тамақ мәселесін қамту бойынша мектеп асханасы ИП «Альтаир» арендатор Б.К.Серикбаева, бір аспазшы, бір көмекші. Олардың медициналық тексерістері мерзімге сай өтілген. Асхананың материалдық базасы 60 орын, ыдыс-аяқ үш комплектіден жеткілікті. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасыларынан шыққан тегін ыстық тамақпен 21 оқушы қамтылған ол 24 пайызды құрайды. 1-4 сыныпта 7 бала, 5-11 сыныпта 16 бала, 6 оқушы демеушілер тарапынан тамақтанады.

«Мектепке жол» акциясының аясында әлеуметтік көмек алуға құқығы бар күнкөрісі төмен отабсылардың балаларына және басқа да санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауын алдын алуы бойына бюджеттен тыс демеушіліктер тарапынан **519000 теңгеге 48 оқушыға** мектеп, спорт формасы, кеңсе тауарлары, аяқ киімдер берілді. Жаппай оқыту қорынан **27 балаға** жаппай оқыту қорынан **459000 мың теңгеге** көмек көрсетілді.

2018-2019 оқу жылында 9 сыныпты 8 оқушы аяқтады, барлығы колледждерге оқуға түсті. 11 сыныпты аяқтаған оқушылар ЖОО мен колледждерге оқуға түсті. ЖОО мен колледждерге түскен оқушылардың оқу орнында оқитындықтарын растайтын анықтамалар алынды.

Мектеп директоры

Г. Ахметова

Орынд. Ш.Кожаяханова